


Шөменова, Г.

Қалдырған ізі-мәңгілік/ Г. Шөменова //Жастар әлемі. - 2005. - 4 қазан (№7)



Қасиетті ақ парақ, қаруым - қарымды қалам. Өздеріңнен жасырар сырым жоқ. Мен Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-ден білім алып, қанаттанған, студенттік өмірде жолым оңғарылған жанмын. Сол үшін бақыттымын!.. Ғылым мен әдебиеттің шамшырағы - Евней Арыстанұлы! Сіздің жанға шипа «Көкейкесті» атты кітабыңыз оқуға құлшынысымды арттырып, шабытты оятты. Әсіресе, «Алтын босағаны аттағандарға» мен «Алғашқы сабағыңыз». Жалындаған жастық шақ жайлы ғибратты сөздеріңіз жарық сәулесін шашып, өміршең туындыларыңыз менің рухани жан-дүниемді байытып, жігерлендірді. Бейне өзімді шынның шынар басына шыққандай сезіндім. «Кәусар бұлақтан сусындайық, замандас!» Осылай аталатын қойын кітапшамның беттерін парақтап отырмын...

Жалған жала жұқартты-ау алып күшті,
Жүректі өртеп, миды жеп, қарыпты ішті.
Тозады ғой жүйке де қиянаттан,
Аһ ұрды да қайран ер талып түсті.

Ақын Жеңіс Қашқыновтың «Букетовтың иті» атты өлеңінен үзінді. Өлең жолдары нені меңзейді? Жалған өмірдің ащы дәмін Евней Бөкетов те татқан ғой, шамасы. Тағдыр. Жазмыш. Мына суретке назар сала қараңызшы. Қанша жасырғанымен, жан айнасы - көз жанары бәрін айтып тұр. Інісі Қамзабай аға: - Евнейді түсінбегендер, түсінгісі келмеген кей пасықтар да болды. Бірақ, ешқашан ол ешкімге өкпе-реніш артқан емес. Мен оның әзіл айтып, күліп отыратын қажыр-қайратына таң қаламын. Өмірдің бұрқасынды өр дауылдары соққан сайын қажырлана түсетін еді, қайран ер! Қарсы тұрып, күресу - оған бір бақыт. Екеуміз тай-құлындай тебісіп, тете өстік. Оның бауырмалдығын айтсаңшы! Қамқор, қорған болған ағамызды біз «бапа» дейтінбіз. Кішкене нәрсеге ауыз бұртитып, екпелеп қалатын балалық-ай! Бірде мен оған ренжіп, «енді сен маған бапа емессің»,- дедім.

Сол күннен бастап оны Евней атымен атап кеттім. Бұл қайтпас мінез маған әкем Арыстаннан дарыған. Кек сақтамағанмен, ол кісі көңілі қалса, ештеңеге илікпейтінді. Ал қабақ шытып, ренжуді білмейтін Евекең бәрін түсінуге тырысатын, кешіріммен қарайтын. Оны білетіндер нағашысы, суырыпсалма ақын, соқыр Тоғжанға тартқан дейді. Тағы не білгің келеді, қарағым? Қартайған атаңның есінде не қалды дейсің. Ағам жайлы айтарым сарқылды ғой.

- Жоқ, Қамзабай аға. Сирек туар, ерекше жаратылған ағаңыз жайлы естеліктер таусылуы мүмкін емес. Евней Бөкетов жан сарайына ойлы көзбен

үңіле қараған сайын жаңа, тың дүниемен қайта қауышамыз. Есіңізге түсіріңізші. Мүмкін, әлі ешкімге айтылмаған, сыр сандықтың түбінде сақталып қалған жайттар бар шығар?

- Мына біз отырған Е.А. Бөкетов атындағы мемориалдық мұражайда Евнейдің редакторлығымен шығарылған үй-ішілік газет ілулі тұр. Қазір оқып, таныс. Өзінді қызықтырған дүниенің ұшығын бәлкім содан табарсың... Евнейдің қайтатын күні. Таңертеңгілік жұмысқа жеңгем телефон шалды. Кенже ұлы Рашит тентектін. Сол ерке баласы бірдеңе бүлдірген шығар деп ойладым. Жеңгей: «Ойбай, жылдам жет. Ағаң өліп жатыр»,-деп тікесінен қойып қалды. Құлағым шыңылдап, көз алдым қарауытып кетті. Әл-қуатым біткендей, орнымнан тұруға қауқарсызбын. Есімді жиысымен, алып үшып Ленин көшесі бойындағы ағамның үйіне тура тарттым. Басты торлаған шымшытырық сұрақ. Әлгі жеңгем не деді?! Өліп жатқаны несі? Әзілі болмас. Демек... Сұр жыланша ойға оралған суық ойдан денем тітіркеніп кетті. Есі ауысқан адамша «шынымен ағам өлді ме?» деген сұрақты сан мәрте қайталадым. Жүрек құрғыр сенбейді. Бара көрермін, бәлкім шалыс естідім. Қазір алдымнан еңселі, нар тұлғалы ағам шығып, құшағын айқара ашар. Жеңгем: «Әп, қайын, алдадым. Ағам өліп қалды деп ұшқан құсша жеткен екенсіңдер. Ләйім, солай болсыншы!»

Біз тұратын 56- үйдің ауласы. Жылдам басып үйге кірдім... Рас, асқар таудай ағамнан айрылған екенмін. Оның суи бастаған қолын алақаныммен қысқан қалпы уысымнан шығармадым. Іштей үнсіз егіле жылап, оған өкпеледім. Ажал бірінші мені алсын деуші едім. Амал нешік, сұм өлім қармағына халқы үшін туған ел баласын іліктіріп, жалмады. Аллаға да жақсы керек.

Евекең серейген бойымен көзге түсіп, бұрынғыдай арамызда жүрмегенмен, ол туралы жылы-жылы лебіздердің айтылуы күн өткен сайын көбеймесе, азаймады. Халқы маңдайына біткен жарық жұлдызынан қапыда айрылып қалғанына әлі сөнбейді.

...Қамзабай ата үстел суырмасынан «Евнейдің бұлағы - Родник Евнея» атты өлеңдер жинағын алып шықты. Сосын «Қалқам Гүлнәр! Зор денсаулық, зор бақыт тілеймін, қаламың жүйрік болып жаза бер. 20.01.05 ж. Тілеуші Қамзабай Бөкетов» деп ізгі тілек жазылған кітапшаны ұсынды.